

Жезқазған қалалық мәслихатының 2012 жылғы 24 мамырдағы № 6/51 "Жезқазған қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 20/174 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 25 желтоқсанда № 2476 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жезқазған қалалық мәслихатының 2012 жылғы 24 мамырдағы № 6/51 "Жезқазған қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8-2-156 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 22 маусымдағы № 26 (7776) "Сарыарқа" газетінде және 2012 жылғы 22 маусымдағы № 25 (321) "Жезказганская правда" газетінде жарияланған), Жезқазған қалалық мәслихатының 2012 жылғы 17 тамыздағы IX сессиясының "Жезқазған қалалық мәслихатының 2012 жылғы 24 мамырдағы № 6/51 "Жезқазған қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 9/75 шешімімен өзгерістер енгізілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 1929 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 41 (7791) "Сарыарқа" газетінде және 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 40 (336) "Жезказганская правда" газетінде жарияланған), Жезқазған қалалық мәслихатының 2013 жылғы 7 ақпандағы XII сессиясының "Жезқазған қалалық мәслихатының 2012 жылғы 24 мамырдағы № 6/51 "Жезқазған қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" № 12/103 шешімімен өзгеріс пен толықтыру енгізілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2204 нөмірімен тіркелген, 2013 жылғы 22 наурыздағы № 11 (7815) "Сарыарқа" газетінде және 2013 жылғы 22 наурыздағы № 11 (360) "Жезказганская правда" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) 2 тармақтың 3 тармақшасындағы ";" тыныс белгісі "." тыныс белгісіне ауыстырылсын;

2) 2 тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

3) 2 тармақтың алтыншы абзацы келесі редакцияда жазылсын:

"Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады. Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу, жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі." ;

4) 20 тармақтың 7-1) тармақшасы алынып тасталсын.

2.Осы шешім бірінші жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Сессия төрағы

С.В. Филипович

Қалалық мәслихаттың хатшысы

С.Т. Медебаев